

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес картоп сабағын тазартқышты сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 11 мамырдағы № 50 шешімі

Кеден одағы Кеден кодексінің 52-бабының 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Роторлы білікпен, таңдайшамен, тіректі доңғалақтармен, картоптың сабағын тазартқыш пәлекқайырғы жапырақшамен немесе пәлекқайырғы жапырақшалармен және картоптың сабағын кесуге және ұсақтауға арналған көлденең жазық транспортермен жабдықталған, ауыл шаруашылығы тракторында жаппай және (немесе) артқы агрегаттау мүмкіндігі бар ауыл шаруашылығы жабдығын білдіретін картоп сабағын тазартқыш Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына Түсіндірмелердің 1 және 6-негізгі қағидаларына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 8433 59 қосалқы позициясында сыныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян